6В01402 - «Визуалды өнер, көркем еңбек және графикалық жобалау» және 6В01406-«Кәсіптік оқыту және кәсіпкерлік» білім беру бағдарламалары бойынша шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламасы

1. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібін айқындайтын оқуға қабылдаудың үлгі ережелері негізінде әзірленген.

2. 6В01402 - «Визуалды өнер, көркем еңбек және графикалық жобалау» және 6В01406-«Кәсіптік оқыту және кәсіпкерлік» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихандар, талапкерлердің шығармашылық бағытта бағдарламаны меңгеру қабілеттерін анықтауға бағытталған.

3. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

Шығармашылық дайындықты қажет ететін білім беру бағдарламаларының топтарына түсетін тұлғалар Қазақстан тарихы және Оқу сауаттылығы (оқыту тілі) бойынша ҰБТ тапсырады.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар талапкерлер екі шығармашылық емтихан тапсырады, әрбір емтихан 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары оқу орындарының кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша талапкерлер үшін бір шығармашылық емтихан тапсырады, ол 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Бағалау критериясы:

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар талапкерлер бір шығармашылық емтиханның максималды балл саны – 45. Шығармашылық бағдарламаларға түсетін азаматтар үшін ҰБТ-ның екі пәні бойынша: Оқу сауаттылығы (қазақ немесе орыс тілі), Қазақстан тарихы және екі шығармашылық емтихан балдары есепке алынады.

Оқу сауаттылығы (20) + Қазақстан тарихы (15) + 1 шығармашылық емтихан (45) + 2 шығармашылық емтихан (45) = 125 (ең жоғары балл).

Қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары оқу орындарының кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша талапкерлер үшін

шығармашылық емтиханның максималды балл саны – 20. КТ-ның арнайы пәні бойынша-50.

Шығармашылық емтихан (20) + КТ-ның арнайы пәні бойынша (50) = 70 (ең жоғары балл).

4. Емтихан ҚазҰҚПУ (білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін) қабылданады.

5. Шығармашылық емтиханды қабылдау үшін Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен пәндік комиссия мүшелері құрылады.

6. Шығармашылық емтихандар «Сурет» және «Кескіндеме» пәндері бойынша талапкерлердің ой-қиял қабілеттері мен шеберліктерін сүйене отырып анықтау, сурет салудың заңдылықтарын түсіндіру бойынша оффлайн форматта өткізіледі.

7. Шығармашылық емтиханды қабылдау талапкер өзі тапсырған ЖОО-ның арнайы жабдықталған аудиторияларында өткізіледі.

Күндізгі оқу бөліміне тапсыратын талапкерлер үшін (толық оқу мерзімі бойынша):

I шығармашылық емтихан

Тапсырма:

- Екі – үш геометриялық денелерден құрастырылған натюрморт.

Қажетті құралдар: қағаз Ф3, қарындаштар (2Н – 2В), кнопкалар, өшіргіш

«Сурет». Орындау уақыты – 4 сағат


Критерийлер

1. Қағаз бетінде геометриялық денелердің дұрыс орналастырылуы.
2. Заттардың ара-қатынас айырмашылығына сүйене отырып, конструктивтік құрылысын орындау.
3. Заттардың пропорциялардың дәлдігін беру.
4. Жарық-көлеңкесі арқылы заттардың пішінін табу.

Натюрморт қойылымдағы үлгісі



Натюрморт кескіндеме үлгісі



II шығармашылық емтихан

Тапсырма:

- Екі-үш тұрмыстық заттардан құрастырылған натюрморт.

Қажетті құралдар: Акварель қағаз А3, қарындаш, өшіргіш, акварель бояуы, гуашь, акрил, кнопкалар, қылқаламдар колонок/синтетика №4-8, су құйятын ыдыс.

«Кескіндеме». Орындау уақыты – 4 сағат

Критерийлер

1. Бейненленетін затты қағаз бетіне дұрыс орналастырылуы.
2. Заттардың ара-қатынастық құрылысы (построение) мен заңдылықтарын сақтай отырып, берілген суретті салу.
3. Заттардың пішінін жарық-көлеңке арқылы түстік шешімін тондық қатынаста көрсету.
4. Заттардың пішінін материалдылықта бере білу.

Натюрморт қойылымдағы үлгісі



Натюрморт кескіндеме үлгісі



Күндізгі оқу бөліміне тапсыратын талапкерлер үшін (қысқартылғын оқу мерзімі бойынша):

Шығармашылық емтихан

Тапсырма:

-Бейненленетін затты қағаз бетіне дұрыс орналастырылуы;

-Заттардың ара-қатынастық құрылысы (построение) мен заңдылықтарын сақтай отырып, берілген суретті салу;

-Заттардың пішінін жарық-көлеңке арқылы түстік шешімін тондық қатынаста көрсету;

-Заттардың пішінін жарық-көлеңкесі арқылы түстік колоритте жинақтау, тұтастығын беру.

6В01402 - «Визуалды өнер, көркем еңбек және графикалық жобалау» және 6В01406-«Кәсіптік оқыту және кәсіпкерлік» (күндізгі оқу бөліміне тапсыратын талапкерлер үшін)

№	Емтихан балы	Шығармашылық емтиханға негіздеме	
		I шығармашылық емтихан	**II шығармашылық емтихан**
1	**40-45**	Қағаз бетінде натюрморт кескінін дұрыс орналастыру. Заттарды орналастыру заңдылықтары мен ара-қатынастық құрылысын сақтай отырып, берілген суретті салу.	Қағаз бетінде натюрморт кескінін дұрыс орналастыра білу. Заттардың ара-қатынастық құрылысы (построение) мен заңдылықтарын сақтай отырып, берілген суретті материалдылықта бере білу.
2	**29-39**	Заттардың пішінін жарық көлеңкесі арқылы көрсету. Заттардың пішінін толық меңгеру, жалпы жұмысқа сауатты шығармашылық талдау жасап, жұмысты толық аяқтау.	Заттардың пішінін жарық-көлеңкесі арқылы түстік шешімін тондық қатынаста анықтау. Жұмысты толық аяқтай білуі, жалпы шығармашылық ой қиялын дұрыс бейнелеп жеткізе білуі, заттардың пішінін айқындап көрсете алуы.
3	**18-28**	Суреттерді ережеге сай қағаз бетіне дұрыс орналастыру, перспектива заңдылықтарын және заттардың ара-қатынасының ерекшелігін сақтай отырып, заттардың пішінін жарық пен көлеңкені дұрыс беру арқылы көрсету.	Қағаз бетіне заттардың композициялық шешімін және ара-қатынасының ерекшелігін сақтай отырып, заттардың пішінін жарық көлеңкеде дұрыс қолдану арқылы көрсету.
4	**5-17**	Жазықтықтағы заттардың форматқа дұрыс орналастырылмауы, перспектива заңдарына сәйкес көз деңгейінде	Жазықтықтағы заттардың қағазда дұрыс орналастырылмауы, композициялық заңдылықтарының дұрыс

		сызықтың дұрыс көрсетілмеуі, жазықтықта сызық түрлері мен заттың пішінінің толық меңгерілмеуі.	көрсетілмеуі, жазықтықта заттың пішінінің толық меңгерілмеуі.
5	**0-4**	Қабылданбайды.	Қабылданбайды.

6В01402 - «Визуалды өнер, көркем еңбек және графикалық жобалау» және 6В01406-«Кәсіптік оқыту және кәсіпкерлік» (3 жылдық қысқартылған күндізгі оқу бөліміне тапсыратын талапкерлер үшін)

№	Емтихан балы	Шығармашылық емтиханға негіздеме
1	**15-20**	- Қағаз бетінде натюрморт кескінін дұрыс орналастыра біл; - Заттардың ара-қатынастық құрылысы (построение) мен түстік шешімін анықтай отырып, берілген затты бейнелеу; - Заттардың пішінін жарық-көлеңкесі арқылы түстік колоритте жинақтау, тұтастығын беру.
2	**10-14**	- Жұмысты толық аяқтау, жалпы шығармашылық ой қиялын дұрыс бейнелеп жеткізе білу - Заттардың пішінін айқындап көрсете алу;
3	**5-9**	-Қағаз бетіне заттардың композициялық шешімін және ара-қатынасының ерекшелігі мен пішінін жарық пен көлеңкенің тондық қатынасында дұрыс қолдана білу.
4	**0-4**	- Қабылданбайды.